

«ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛГЕНІҢ – ӨЗ ЕЛІНДІ СҮЙГЕНІҢ» ОЛИМПИАДАСЫ

*Оқысы білім бұлағы,
Оқыса елдің ұланы,—
Тірілтіп, елге жан бітіп,
Елі үшін жұмақ қылады.*

Бейімбет Майлин

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, ф.ғ.к., доцент Қ.М. Хамзинаның, педагогика ғылымдарының магистрлері Г.К. Сағатова, К.К. Нуржановалардың ұйымдастыруымен 2024 жылдың 14 ақпанында бірінші курс студенттерімен «Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің!» атты факультетаралық пәндік олимпиада өтті.

Олимпиада қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Бейімбет Жармағамбетұлы Майлиннің 130 жылдығына орай ұйымдастырылды. Бұл шара студенттер үшін Alma mater қабырғасында өз білімдерін тексерудің бірегей мүмкіндігі болып табылды.

Олимпиаданың мақсаты:

- сауатсыздықты толық жою ұранын алға тартқан көрнекті жазушы Бейімбет Майлиннің қысқаша өмірбаянымен таныстыру;
- тілді үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру;
- танымдық белсенділікті қалыптастыру;
- қазақ тілі бойынша білім сапасын көтеру.

Олимпиада шығармашылық сипатта өтті. Тапсырмалар студенттерден қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасын білуді ғана емес, сонымен қатар шынайы сөйледуді, түсінуді, өз ойларын дұрыс және қисынды жеткізуді және белгілі бір тақырыпта әңгіме жүргізуді талап етті.

Олимпиадаға университет факультеттерінің 20-дан астам студенті қатысты.

Олимпиада екі турдан тұрды:

1 тур - дұрыс жазу сауаттылығы (эссе);

2 тур - дұрыс сөйлеу мәнері (арнайы тақырыптар бойынша).



Қазылар алқасының мүшелері: «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Инновациялық технологиялар колледжінің директоры, п.ғ.м., Н.А. Смагулова және оқытушылары А.К. Бажикова, Т.О.Нұрділда.

Олимпиада қорытындысы бойынша қазақ тілінде үздік коммуникативтік дағдыларды көрсеткен үш қатысушы анықталды.

I орын – Булаев Егор, МД-23-2 тобының студенті, жетекшісі Хасен М.Ә.

II орын – Пискунов Кирилл, ВТ-23-1 тобының студенті, жетекшісі Серикова А.О.

III орын – Овюн Элизанур, ВТ-23-1 тобының студенті, жетекшісі Ныгметова Н.Т.



Олимпиада қатысушылары алғыс хаттармен марапатталды:

1. Ганеева Дарья Руслановна, Казовская Ливия Александровна, жетекшісі А.Б. Аширбекова;
2. Шакурова Милла, АРХ-23-6, жетекшісі Байпелова Г.С.;
3. Иванов Максим Юрьевич, ИС-23-4, жетекшісі Конурова Н.А.;
4. Кудрявцев Виталий, Маш-23-2, жетекшісі Кулейменова Л.М.;
5. Бобер Олег, СИБ-23-6, жетекшісі Жалдыбаева А.Ж.;
6. Цой Алексей, ВТ-23-2с, жетекшісі Оспанғалиева М.Т.;
7. Чердизов Анзор, ПСК-23-2, жетекшісі Өубәкіров Н.М.
8. Мамаедова Эмина, АРХ-23-6, жетекшісі Абилкасов Г.М.

ИСЗС-23-1,